

Павлодар облысы Шарбақты ауданы Алексеевка селолық округінің Степное селосын қайта атау туралы

Павлодар облысының әкімдігі мен мәслихатының 2008 жылғы 14 қаңтардағы біріккен N 4, 51/3 қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 24 қаңтарда N 3101 тіркелген.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6- бабы 1- тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Шарбақты ауданының мәслихаты мен әкімдігінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі N 166/28 бірлескен шешіміне, облыстық ономастика комиссиясының 2007 жылғы 12 наурыздағы қорытындысына, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 28 қазандағы "Павлодар облысы Шарбақты ауданы Алексеевка селолық округінің "Степное" селосын қайта атау туралы" N 247/8 қаулысына сәйкес және тұрғындардың пікірлерін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

1. Шарбақты ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін :

Шарбақты ауданының Алексеевка селолық округінің "Степное" селосы "Бөріктал" ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі